



*Қазақтың көрнекті
жазушысы, драматург,
қазақ әдебиетін
қалыптастырушылардың
бірі Бейімбет Майлиннің
туғанына 125 жыл*

1894-1938



Майлин Бейімбет. Шығармалар. Өлендер. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – Т. 1. – 427 бет.

Майлин Бейімбет. Шығармалар. Өлендер. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – Т. 2. – 281 бет.

Майлин Бейімбет. Шығармалар. Повестері мен әңгімелері. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – Т. 3. – 392 б.

Бейімбет Майлиннің шығармаларының үшінші томына жиырмасыншы жылдары қазақ ауылы және Қазақстандығы коллективизация жайындағы әңгімелері кірген.




Майлин Бейімбет. Шығармалар. Повесть, әңгімелері. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 400 бет.

Майлин Бейімбет. Шығармалар. / Құраст: Қ. Жармағамбетов және С. Ордалиев. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1963. – Т. 5. – 451 бет.

Көрнекті жазушымыз Бейімбет Майлин шығармаларының бесінші томына оның белгілі «Азамат Азаматыч» романы және басқа әңгімелері кірді.

Майлин Бейімбет. Шығармалар. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1964. – Т. 6. – 428 бет.

Көрнекті жазушымыз Бейімбет Майлин шығармаларының алтыншы томына оның драмалық шығармалары - «Аманкелді», «Біздің жігіттер», «Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі» тағы басқа да пьесалары енгізілді.



Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004

1-том: Әңгімелер. – Алматы, 2004. – 400 бет.

Бұл томға қаламгердің тырнақалды туындыларынан бастап, осы уақытқа дейін еш жерде жарық көрмеген әңгімелері топтастырылды.

2 - том: Әңгімелер. Поэмалар. – Алматы, 2004 . – 456 бет.




Бұл томға оның таңдамалы шығармалары енгізілді.

3 - том: Өлеңдер. – Алматы, 2004. – 488 бет.

Томға Б. Майлиннің өлеңдері кіргізіліп отыр. Олардың ұзын саны екі жүзден асады.

4 - том: Пьесалар. – Алматы, 2005. – 520 бет.

Сан қырлы талант иесі Б.Майлин пьесаларды да көп жазған қаламгер. Олардың ұзын саны 25-ке тарта бар. Табылып қолға түскендері құрастырылып, 4-томға жинақталып енгізілді.



5 -том: Сценарийлер. Повестер. – Алматы, 2005. – 432 бет.

Кітапта автордың таңдамалы туындылары, оның ішінде повестері мен сценарийлер берілген.

6 - том: Повестер. – Алматы, 2005. – 416 бет.




Бұл томда автордың бірнеше повестері оқырман назарына ұсынылып отыр.

7 - том: Романдар. – Алматы, 2007. – 392 бет.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көркем сөздің даңқты шебері Бейімбет Майлин әртүрлі жанрда көсіле жазып, қалам қарымы төселіп, білім-білігі тереңдеп, ойы әбден ұшқырланған кезде, 1930-жылдардың басында кең көлемді жанр — роман жазуға қатты ден қойып, «Азамат Азаматыч», «Тартыс», «Қоңсылар», «Ауыл», «Қызыл жалау» романдарын жазған. 7-томда сол туындылармен оқырмандар қайта қауышып отыр.

8 - том: Фельетондар. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 344 бет.

Б.Майлин фельетонды да өте көп жазған. Өткен ғасырдың 20-жылдарында жарық көрген «Сойқанды содырлар» және «Кесінділер» атты кітаптарындағы фельетондары және әртүрлі газеттерде жарияланған мақалалары бірінші рет жеке том болып жинақталып беріліп отыр.



Майлин Б.

Көп томдық шығармалар жинағы: Очерктер, мақалалар, хаттар. – Т. 9. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 280 бет.

Қазақтың көркем әңгімесінің теңдессіз шебері Бейімбет Майлиннің көп томдық шығармалар жинағының бұл томына оның очерктері, мақалалары және хаттары да енгізілген.

Майлин Б.





Көп томдық шығармалар жинағы: мақалалар. – Алматы: Қазығұрт, 2009. –Т. 10. – 360 бет.

Бейімбет Майлин публицист ретінде қазақ журналистикасының негізін қалауға зор үлес қосқан, оның өріс алып дамуына үлкен еңбек сіңірген қаламгер. Өз кезінде оның жазған очерк, фельетон, мақалалары жарияланбаған басылым жоқ десе де болады.

Майлин Б.

Көп томдық шығармалар жинағы: құжаттар, деректер, пікірлер. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – Т. 11. - 480 бет.

Бұл томға Бейімбет Майлиннің қоғам, журналистика, әдебиет қайраткері ретіндегі өмірін, қыруар қызметкерлігін, жазықсыз жазаланып, құрбан болғандығын, одан соң толық ақталғандығын айғақтайтын құжаттар, кейбір пікірлер топтастырылып берілді.



Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы: құжаттар, деректер, пікірлер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – Т. 12. – 384 бет.

Бұл томға Бейімбет Майлиннің қоғам, журналистика, әдебиет қайраткері ретіндегі өмірін, жазықсыз жазаланып, құрбан болғандығын, одан соң толық ақталғандығын айғақтайтын құжаттар, пікірлер топтастырылып берілді.

Майлин Б. Көптомдық шығармалар жинағы: Құжаттар, деректер, пікірлер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. . – Т. 13. - 384 бет.

13-томға да Б.Майлиннің заңғар тұлғасы, мол адамгершілік және шығармашылық қасиеттері жан-жақты, асқан ілтипатпен, зор құрметпен әңгімеленген мақалалар, жарияланымдар құрастырылып енгізілді.

Майлин Б. Многотомное собрание сочинений: повести, рассказы. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – Т. 14. – 384 с.

В четырнадцатый том многотомного собрания сочинений выдающего казахского писателя Б. Майлина включены повести и рассказы, переведенные такими известными писателями и переводчиками как Г. Бельгер, Ю. Домбровский, М. Юфит, А.Шаповалова и другие. Классические произведения Майлина не оставят равнодушным и русскоязычного читателя.

Майлин Б. Многотомное собрание сочинений: роман, повесть, рассказы. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – Т. 14. – 416 с.

В данный том многотомного собрания сочинений выдающего писателя Б. Майлина включены его прозаические произведения переведенные на русский язык известными мастерами словесного искусства. Рассказы в переводе максимально приближены к оригиналу на казахском языке. До подлинного сохранены авторский колорит и особенности национальной психологии, свойственные характеры героев Майлина.



Майлин Бейімбет. Бес томдық шығармалар жинағы: өлеңдер, поэмалар. – Алматы, 1986. – Т. 1. – 344 бет.

Бейімбет Майлиннің бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына 1912-1933 жылдар арасында жазған повестері мен әңгіме, фельетон, мақалалары енген.

Т. 2. Пьесалар / Жауапты шығарушы М. Атымов. – Алматы, 1987. – 352 бет.

Бейімбет Майлиннің бес томдың шығармалар жинағының екінші томына пьесалары енді.

Т. 3. Повестер мен әңгімелер /жауапты шығарушы М. Атымов. – 1987. – 336 бет.


Бейімбет Майлиннің бес томдық шығармалар жинағының үшінші томына 1915-1927 жылдар арасында жазған повестері мен әңгіме, фельетон, мақалалары енген.

Т. 4. 1928 -1935 жылдар арасындағы әңгімелер, романнан үзінді, повесть, сценарий. – Алматы, 1988. – 432 бет.

Бейімбет Майлиннің бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына 1928 - 1935 жылдар арасындағы жазылған әңгімелері, романнан үзінді, повестері енді.

Т. 5. Роман және повестер / жауапты шығарушы Б. Дәрімбетов. – Алматы, 1988. – 456 бет.


Бейімбет Майлиннің бес томдың шығармалар жинағының бесінші томына «Азамат Азаматыч» романы және «Он бес үй», «Әміржанның әңгімесі», «Қырманда», «Берен» повестері топтастырылып отыр.



Майлин Б.

Көп томдық шығармалар жинағы. Повесть, әңгімелер, мақалалар. – Алматы, 2002. – Т. 1. – 192 бет.

Бейімбет Майлиннің көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына 1915-1927 жылдар аралығында жазған «Шұғаның белгісі» повесі мен әңгімелері, мақалалары енді.



Майлин Б.


Көп томдық шығармалар жинағы. Әңгімелер, фельетон, мақалалар. – Алматы, 2002. - Т.2. – 192 бет.

2- томға 1918 - 1929 жылдар аралығында жазған әңгімелері мен фельетон, мақалалары енді.



Майлин Б. Тұңғыш құрбан. – Алматы: Рауан, 1994. – 254 бет.


Бейімбет Майлин төл әдебиетімізді биікке көтерумен бірге, қазақ баспасөзінің қалыптасуына, ілгерілеуіне үлкен үлес қосты. Бейімбеттің «Айқап», «Абай», «Қазақ» секілді алғашқы қазақ басылымдары мен кеңестік дәуірдегі беделді газет-журналдарда жарияланған ел мен жер, тіл тағдырына қатысты проблемалық көсемсөздері мен очерк-мақалалары қазіргі кезеңнің тыныс-тіршілігімен де үндесіп тұр.



Майлин Бейімбет.

Қызыл жалау. Роман, повесть, әңгіме, пьеса, фельетон, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 384 бет.


Мұнда жазушының 1926-1936 жылдары «Еңбекші қазақ» газеті мен «Әдебиет майданы» журналында жарияланған роман, повесть, әңгіме, очерк, пьеса, фельетондары жинақталынып отыр. Бұл туындылар кезінде мерзімді баспасөз бетінде жарияланғанымен, жеке кітап болып шықпаған.



Майлин Б.

Шұғаның белгісі. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 бет.


Аса көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің қаламынан туған жүздеген өлең, ондаған поэма, көптеген әңгімелер тақырыбы жөнінен халық өмірінің сан қилы саласын қамтиды, қоғамдық құрылыстағы жаңалық пен ескілік арасындағы бітімсіз тартыстың ішкі сырын терең ашып көрсетеді, шебер бейнелейді.



Майлин Б. Рыжая полосатая шуба: Повести и рассказы. – Алма-Ата: Жазушы, 1984. – 400 с.


К лучшему произведению автора относится и повесть «Рыжая полосатая шуба» – о конфискации скота и пастбищ у крупных баев.

Простота, глубина, гражданственность, точный и ясный язык – вот что характерно для его повестей и рассказов, стоящих сегодня в ряду лучших образцов казахской прозы.



Майлин Беимбет. Берень. Повести. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1964. – 383с.

В книгу вошли самые популярные повести известного казахского писателя Беимбета Майлина: «Азамат Азаматович» — о судьбе интеллигента, чуть было не запутавшегося в сетях байских интриг, трагический «Памятник Шути» — о социальных предрассудках, погубивших высокую любовь батрака и байской дочери, радостный рассказ «Коммунистка Раушан», повествующий о духовном возрождении забитой женщины-казашки. Как организовывались первые коллективные хозяйства в аулах, прочитаем мы в повести «Пятнадцать дворов».



Майлин Беимбет. Повести и рассказы. – Алма-Ата: Казгосиздательство художественной литературы, 1958. – 516 с.



Ордалиев С.

Сөз зергері: зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1982. – 168 бет.

Сейділда Ордалиев – Бейімбет Майлиннің оқырман қауымға онша белгілі емес шығармаларын жинастыру, жариялау және жазушы творчествосын зерттеу саласында елеулі еңбек еткен ғалым. Автор бұл монографиясында атақты көркем сөз зергерінің қазақ совет әдебиетін дамытуға сіңірген сан салалы, алуан қырлы еңбегін әңгімелейді.

Кітапта Би-ағаның өмірі мен творчествосы жөнінде тың деректер бар.



Майлин Б.


Памятник Шуге. Рассказы. – Астана: Аударма, 2003. – 88 стр.

Далеко не каждому писателю выпадает такой замечательный литературный дебют, каким стал рассказ «Памятник Шуге», написанный двадцатилетним Бейимбетом Майлиным и опубликованный в рукописном школьном журнале. Поражают зрелость почерка, психологическая глубина, точность деталей и, конечно, узнаваемость характеров, воссозданных пером молодого писателя, мечтавшего... стать учителем. Если верно, что литература - школа жизни, то Б. Майлин учит и нас, сегодняшних своих читателей, открывая лица, образы, лики, в которых время мало что меняет.



Майлин Бейімбет.


Раушан - коммунист. – Алматы: Мектеп, 1980. – 56 бет.



Майлин Б.


Көшпелі махаббат. – Астана:Таным, 2003. – 80 бет.

Бейімбет Майлиннің бұл шағын әңгімелер жинағына, негізінен, өткен ғасырдың 20-жылдары жазылған ең таңдаулы әңгімелері іріктелген. Аталған жылдардың психологиялық көрінісі, сол уақыттағы адамдардың қоғамдық өмірі туралы пайым-түсінігі, "Жаңа заманға" деген сенімі бұл әңгімелерде әдемі өрнектелген.



Бейімбет Майлин.


Азамат Азаматыч. Повесть. – Алматы:Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 198 бет.



Майлин Бейімбет.

Шұғаның белгісі: Повесть және әңгімелер. – Алматы:Жалын, 1981. – 192 бет.

Бұл жинаққа Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі мен бір топ таңдамалы әңгімелері енді.



Майлин Бейімбет.


Тандамалы шығармалар .— Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1953. – 713 бет.

Бейісқұлов Т.

Менің пірім – Бейімбет Майлин: жазбалар, түйінді толғамдар. – Алматы: Тоғанай Т, 2018. – 272 бет.


Әр адамның өмір жолы, маңдайына жазылған тағдыры бір-біріне ұқсамайтыны белгілі. Сондай жанның бірі сексеннің белесіне шығып отырған айтулы азамат Тоқтар Бейісқұлов. Жазушы Бейімбет Майлиннің трагедиялық өмірі мен құнарлы шығармашылығын ұзақ жылдар бойы зерттеп, бұрын беймәлім болып келген қырлары мен сырларын жарқырата көрсетуге қомақты үлес қосты. Тек, Б.Майлин жөнінде алты кітап және «Би аға» атты естеліктер жинағын шығаруының өзі, айтуға оңай болғанмен, табандылық пен еңбекқорлықты көрсететін дәлел. Әсіресе, «Қанатты қаламгер», «Бейімбетті атқан кім?», «Қилы заман азабы», «Б.Майлин және ұлт өнері» атты фундаментальды зерттеулері бейімбеттанудағы бағалы еңбектер.





Наурызбаев Б.

Дәуір суреткері. Б. Майлиннің жазушылық шеберлігі туралы. – Алматы: Ғылым, 1969. – 284 бет.



Нұртазин Т.


Бейімбет Майлин творчествосы: монография. – Алматы: Жазушы, 1966. – 324 бет.



Би аға. (Б. Майлин туралы естеліктер). – Алматы: Жазушы, 1991. – 304 бет.


Бұл кітапқа қазақ совет әдебиетінің классигі Бейімбет Майлин туралы баспасөз бетінде әр жылдарда жарық көрген естеліктері еніп отыр. Көркем сөз шеберін кезінде қатарлас қаламдастары, дос-жарандар, төңірегіндегілер ізетпен «Би аға» атандырған.

Аса көрнекті қазақ жазушылары І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин естеліктерімен қоса атақты өнер қайраткерлерінің, жазушының туған -туысқандарының да ол туралы әсерлі әңгімелері бар.




Майлин Б. Азамат Азаматыч. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. – Алматы: Жазушы, 2009. – 440 б. "Қазақтың 100 романы" сериясы.

Аталған 100 томдықтың бұл кітабына топтастырылған Бейімбет Майлин романында оқиғасы жаңа өмір, жаңаша көзқарас нәтижесінде кешегі жалшыдан оқыған, көзі ашық кеңес интеллигентіне айналған Азамат Азаматыч арқылы өрби келе, сол кезеңдегі заман шындығы суреттелсе, Ғабит Мүсірепов романында "бес болыс елдің Есенеі" атанған "реформатор" әйел – Ұлпан бейнесі сомдалған.



Бейісқұлов Т.


Бес томдық жинағы. – Алматы: Тоғанай, 2008. – 3-том. – 445 бет.



Бейісқұлов Т.

Бес томдық жинағы. Қилы заман азабы. Бейімбет Майлин және ұлттық өнер. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2008. – Т.4. – 392 бет.

Жазушы, ғалым, ҚР әлеуметтік Академиясының құрметті мүшесі, Республика тарихи-ағарту «Әділет» қоғамы Басқармасының мүшесі Тоқтар Бейісқұлов ұзақ жылдар бойы ұлы классик жазушы Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, көптеген мақалалар жариялап, одан соң «Бейімбет Майлин - публицист», «Қанатты қаламгер», «Дарын даралығы», «Бейімбетті атқан кім?» атты еңбектерін жазып және «Би аға» естеліктер жинағын құрастырып шығарған болатын. Содан соң, кең көлемді осы зерттеу-толғау кітабы оқырмандарға ұсынылды. Онда Б. Майлиннің жетім қалған балалық шағынан бастап жазықсыз атылған трагедиялық ғұмыры молынан қамтылған. Еңбек тартымды, құнды деректерге толы. Төртінші томға соңғы екі еңбегі берілді.



Майлин Б.

Әңгімелер. – Алматы: "Ан Арыс" баспасы, 2009. – 368 б.


Қазақ әдебиетінің классигі, көркем сөздің қайталанбас хас шебері Бейімбет Майлиннің оқырманға ұсынылып отырған бұл бір томдығына жазушының әдебиетіміздің алтын қорынан берік орын алған бір топ әңгімелері: «Шұғаның белгісі», «Көшпелі махаббат», «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры», «Күлтай болыс», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Құла ат», «Құрымбайдың жігітшілігі», «Желдібай Жындыбаев», «Бекберген мектебі», «Сары ала тон», тағы да басқа қалың оқырманға кең танымал шығармалары топтастырылған.

Бұл шығармалары ұлттық бояуының қанықтығымен, бір-біріне ұқсамайтын сан-алуан кейіпкерлерінің қазақы мінез, болмысқа бай табиғатымен ерекшеленеді.



Наурызбаев Б.

Бейімбет Майлиннің прозасы. – Алма-Ата: Мектеп, 1967. – 183 бет.



Байменше С.

Бейтаныс Бейімбет. Монография. – Астана: Елорда, 2001. – 320 бет.

Ұлт тарихындағы ұлағатты есім, отыз жетінші жыл ойранындағы оқшау көрінетін тұлға – Бейімбет Майлин. "Жасап болмай, жас кеткен, жанып болмай, мезгілсіз өшкен", соңына бай да байтақ әрі сан салалы мұра қалдырған ақын, жазушы, драматург, журналист, аудармашы, баспагер Бейімбеттің әдеби-публицистикалық мұрасы толық зерттелді деп тұжырым жасауға болмайды.


Қаламгер шығармашылығын дәйекті зерттеп жүрген танымал бейімбеттанушы, филология ғылымының кандидаты С.Байменшенің бұл еңбегінде көрнекті қаламгер көзқарасының эволюциясы, шығармашылық қызметінің нақты кезеңдері қазіргі заман талабы тұрғысынан жан-жақты сарапталады. Әсіресе, жазушының ұлт ұранын ұстанған, әдеби-ғылыми айналымнан шет қалып, кітаптарына кірмей жүрген жәдігерлері таразыланып, оларға бүгінгі күн биігінен баға беріледі, осыған дейін дәстүрлі таптық рухта бағаланып келген таныс-бейтаныс еңбектерінің тарихы, тағдыры, мазмұн-мағынасы, көркемдік ерекшеліктері екшеледі.



Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б. Майлин дәстүрі. – Алматы: Ғылым, 1979. – 180 б.

Филология ғылымының докторы Бисенғали Наурызбаевтың бұл монографиясында қазақ прозасының шебері Бейімбет Майлиннің көркемдік дәстүрінің қазіргі прозаға сабақтасып, жалғасуы мен жаңаша дамуының мәселелері зерттелген.

Еңбекте дәстүр өнегесінің жанр мен стильде, қазіргі заман тақырыбы мен замандас бейнесін көрсетуде қалай игеріліп, дамытылуы нақтылы қарастырылған.



Рүстембекова Р. Бейімбет Майлиннің драматургиясы. – Алматы: Жазушы, 1968. – 120 бет.

Филология ғылымдарының кандидаты Рәзия Рүстембекова бұл еңбегінде қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті өкілі – Бейімбет Майлиннің драматургиясын сөз етеді. Автор Бейімбет драматургиясының шеберлік сырын ашып береді.



Бейісқұлов Т. Қилы заман азабы. – Алматы: Ғылым, 2003. – 320 бет.

Тоқтар Бейісқұлов ұзақ жылдар бойы ұлы классик жазушы Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, «Бейімбет Майлин - публицист», «Қанатты қаламгер», «Дарын даралығы», «Бейімбетті атқан кім?» атты еңбектерін жазып және «Би аға» естеліктер жинағын құрастырып шығарған болатын. Енді кең көлемді зерттеу-толғау кітабы оқырмандарға ұсынылып отыр.

Онда Б. Майлиннің жетім қалған балалық шағынан бастап жазықсыз атылған трагедиялық ғұмыры молынан қамтылған. Еңбек тартымды, құнды деректерге толы.



Байменшин С. Майлының Бейімбеті. – Алматы: Білім, 1994. – 160 бет.


37-жылдар зобалаңының алғашқы құрбандарының бірі – әдебиетіміздің үлкен қайраткері Б. Майлиннің өмірі мен шығармашылығының әлі күнге белгісіз болып келген ақтандақтары кең баяндалады. Еңбекте бұрынғы әдебиеттерде қалыптасқан – Бейімбет тап жазушысы деген ұғымның қате екендігі, керісінше оның қолына қалам ұстаған балаң кезінен бастап-ақ ұлтжанды қаламгер болғандығы, көрнекті қоғам қайраткері С. Сәдуақасов пен А. Байтұрсыновтың балаң ақынды осы ұлтжандылығы үшін де құрметтеп, бауырына тартқандығы, асыра сілтеу жылдарында мұның Бейімбет басына сілтенер шоқпар болып шыққандығы нақты деректер, шығармашылық талдаулар арқылы нанымды дәлелденеді.



Бейісқұлов Т. Дарын даралығы. – Алматы: Қазақстан, 1994. - 136 бет.


37 жылғы зұлматтың жазықсыз құрбаны болғандардың бірі – Бейімбет Майлин. Небәрі 43 жыл ғұмыр кешкен қазақтың зиялы перзенті әдебиетте де, журналистика саласында да баға жетпес мол мұра қалдырды. Табиғи дарындылығымен қатар асқан еңбекқор Би ағаң биік парасаттылығымен, ақжүрек азаматтығымен де оқшау тұрады. Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғасы, заманымыздың қайталанбас классигінің суреткерлік сыры ой ұшқырлығында, сөз шеберлігінде, талғам-тауанында жатыр.

Бейімбет мұрасын ұзақ жылдар зерттеп жүрген ғалым Т. Бейісқұловтың бұл кітабына оның әр жылдарда жазылған мақалалары енгізілді. Автор жазушының бұрын айтылмай келген қаламгерлік қырларын аша түсуге ниеттенген.



Бейісқұлов Т. Бейімбет Майлин және ұлттық өнер. – Алматы: ТОО «Алуа ПК», 2005. – 118 бет.


Қазақ әдебиетінің классигі, сан қырлы талант иесі Б.Майлин халықтың бай өнер мұрасын, ән-күй дәстүрін зор мақтаныш етіп, өзінің шығармаларында насихаттай білді, қазақтың ұлт театрының құрылуына, өркен жайып, қалыптасуына, республикамызда кино өнерінің негізін салуға, өнер шеберлерінің өсіп, шыңдалуына үлкен үлес қосты. Б. Майлиннің бұл еңбегі, ерекше бір қыры "Бейімбет Майлин және ұлттық өнер" кітабында кеңінен әңгімеленеді.



Бейісқұлов Т. Жалған жаланың құрбандары. – Алматы: «Тоғанай Т», 2014. – 232 бет.

Халқымыздың тарихын, оның зиялы азаматтарына жағылған қара күйе, тағылған таңбаларды аршып, тазарту біздің ұрпақтың үлесіне тиісті. Мындаған боздақтардың халқына адал қызмет еткен тағдыры әлі толық ашылған жоқ. Ал олардың адамгершілік мұраттары, биік гуманистік асыл қасиеттері, ел-жұртына еңбек етудегі ізгі мақсаттары, рухани таза болмысы мен өнегелі өмірі кімге болса да қастерлі.


Сондай зиялылар – Бейімбет Майлин мен Ілияс Жансүгіров. Олар халқының қайғы-қасіретіне күйініп, мұңды, шерлі тұрмыс жайына ортақтасып, қуаныш қызығына сүйсініп, билікқұмарлардың, саясаткер басшылардың зорлық-зобалаңын өзгелермен бірге бастан кешкен адал перзенті.



Бейісқұлов Тоқтар.

Қанатты қаламгер: (Б. Майлиннің публицистік творчествосы туралы). – Алматы: Жазушы, 1983. – 200 бет.


Журналист Т. Бейісқұловтың көпшілік оқырманға арналған бұл кітабында көрнекті жазушы Б. Майлиннің журналистік қызметі мен публицистік творчествосы, қазақ совет баспасөзін өркендетуге, жас қаламгерлерді баулып, тәрбиелеуге қосқан үлесі, ықпал-әсері, үлгі-өнегесі жан-жақты баяндалады. Автор ұзақ жылдар іздене жүріп, бұл саладағы жұрт назарынан қағыс қалып келе жатқан тың деректер мен соны мағлұматтарды көп тауып, бір жүйеге түсірген.



Бейісқұлов Т.

Бейімбетті атқан кім? – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2000. – 160 бет.

1937-1938 жылдары тұрпайы социологиялық сынға ұшыраған, қуғын-сүргін көріп, жазықсыз құрбан болған асыл арыстарымыздың бірі қазақтың ұлы жазушысы, ұлт мақтаны Бейімбет Майлин туралы «Бейімбетті атқан кім?» атты деректі эссе-толғау кітабында оның басынан кешкен қорлық-зорлығы, отбасының ойрандалуы, сол кездегі зобалаңның, қанқұйлы қасіреттің себептері мен жүзеге асырылуы кеңінен әңгімеленеді.



Б.Сарбалаев.

Бейімбет Майлин. – Алматы:Мектеп , 1988. – 86 бет.

Мұнда қазақ совет әдебиеті алыптарының бірі – Б. Майлиннің творчестволық қызметі кеңінен баяндалады. Автор Б. Майлиннің әйгілі шығармаларына ғана талдау жасап қоймайды, сонымен бірге оның творчествосындағы жұрт көп біле бермейтін қыр-сырларды да жатық тілмен жан-жақты ашып береді.



Жармағамбетов Қ.

Бейімбет Майлин. Өмірі мен творчествосы. X класқа арналған оқу құралы. – Алматы, 1961. – 34 бет.




Қ.Жармағамбетов.

Б. Майлинның творчествосы. – Алматы, 1958. – 27 бет.




Бейісқұлов Т. Майлин — публицист. – Алматы: ҚазССР «Білім» қоғамы, 1979. – 48 бет.

Бұл еңбекте қазақтың белгілі жазушысы Б.Майлиннің қоғамдық, журналистік және публицистикалық қызметі кеңінен сөз болады. Оның қазақ совет журналистикасын өркендетуге қосқан зор үлесі жан-жақты баяндалады.



Майлин Бейімбет. Раушан - коммунист. – Алматы: Жазушы, 1965. – 60 бет.


Қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлиннің «Раушан – коммунист» атты повесі жастарға арналып өз алдына кітап болып шығарылған.



Быков. П.М. Романовтардың соңғы күндері. – Астана: Елорда, 2002. – 88 бет.

Қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлин орыс тілінен аударған бұл еңбек Қазақстанда алғаш рет 1932 жылы латын әрпімен жеке кітап болып шыққан еді.

Ресейдің ең соңғы патшасы Николай Романовтың тағдыры әлемдік тарихпен, XX ғасырдағы Ресейдің қоғамдық-саяси өмірімен, 1917 жылғы қос төңкеріспен және осыларға сәйкес пайда болған күрделі өзгерістермен тығыз байланысты. Сондықтан саясатқа сүйенбей қарағанның өзінде, қазақ жазушысы тәржімалаған бұл еңбек бір кездегі қилы-қилы кезеңдердің шынайы бейнесін ұғынуға ықпал етіп, "ақ патшаның" ақырғы күндерін біле жүруге деген оқырман тарапынан туындауы мүмкін қызығушылықты оята алады деп ойлаймыз.



Бейімбет Майлин. Әдебиеттердің көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 180 бет.